

Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 1996 жылғы 24 мамыр N 3002

Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді одан әрі жетілдіру, олардың интеллектуалдық қабілеті мен талантын дамыту үшін қажетті жағдайлар туғызу, жастарды қоғамдық даму міндеттерін шешуге қатысуға жан-жақты даярлау мақсатында :

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1996 жылғы 1 шілдеге дейін дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептер туралы Ереже әзірлеп, бекітетін болсын, онда дарынды балаларды анықтау мен іріктеу, аталған оқу орындарын білікті педагог кадрларымен жасақтау, жекелеген пәндерді тереңдете оқытатын жұмыс істеп тұрған мектептер мен кластардағы мұғалімдердің сапалық құрамын жақсарту тетіктері көзделсін;

- 1996 жылғы 1 қыркүйекке дейін дарынды балалар мен жастарды іздестірудің, тәрбиелеу мен оқытудың негізгі стратегиясын айқындайтын Қазақстан Республикасының "Дарын" жас таланттарды мемлекеттік қолдау бағдарламасын әзірлеп, Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізісін.

2. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері:

- 1996 жылғы 1 тамызға дейін ғылым негіздерін зерделеуде, музыкада, кескіндемеде , басқа да өнер түрлерінде, спортта, балалар көркемөнер шығармашылығында ерекше дарындылығы мен қабілетін танытқан оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жай-күйін қарайтын болсын, осындай балаларға арналған мектептер мен мектептен тыс мекемелердің жүйесін сақтау мен кеңейтуге бағытталған шаралар жүйесін әзірлеп, бекітсін;

- жаңа оқу жылы басталғанға дейін бұл мақсатқа қосымша қаржыландыру көздерін, бюджеттен тыс қаражатты, демеушілік жарналарды тарта отырып, дарынды балаларға арналған мекемелерді - мектептерді, лицейлерді, гимназияларды, мектептен тыс мекемелер - оқушылар сарайлары мен үйлерін, облыстық және қалалық жас техниктер, натуралистер, туристер станцияларын жөндеуді ұйымдастыру, оларды осы заманғы жабдықтармен, компьютерлік техникамен жабдықтауды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдансын.

3. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Президенті Өкімшілігінің Басшысына жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК